

посредством выполнения мероприятий технического и организационного характера. Опыт Финляндии и других стран показывает, что для получения целлюлозы целесообразен перевод её производства от сульфатного и сульфитного на термомеханическое и химико-термомеханическое. РПУП «Завод газетной бумаги» (Шклов) в 2008г. смонтировал оборудование и ввел в эксплуатацию бумагоделательную машину с рабочей скоростью 350т. бумаги в сутки, выпускается при этом не только стандартная газетная бумага а и легкая мелованная. Завод во многом является уникальным на постсоветском пространстве, аналогов ему нет, здесь использованы самые современные технологии обеспечивающие высокую энергоэффективность. Стоимость всего завода оценивается в 50млн. долларов США. Неплохие перспективы развития имеют Светлогорский целлюлозно-картонный комбинат, ОАО «Бумажная фабрика» «Красная звезда»,

ОАО «Бумажная фабрика» «Спартак». По подсчетам специалистов возможный объем продукции целлюлозно-бумажного производства составит 1.8-2 млрд. долларов США, прибыль 30-35 млн. долларов США. Количество работающих 14-15 тыс. человек.

Заключение.

Возможности лесной отрасли в перспективе оцениваются в стоимостном выражении по объему производства 2,8-3 млрд. долларов США, получению прибыли 61-65 млн. долларов США, с количеством занятых 37-38 тыс. человек, против 44 тыс. человек занятых в настоящее время. Наибольшее развитие лесопромышленного комплекса прогнозируется в Гомельской, Витебской, Минской и Могилевской областях, где удельный вес площади лесов колеблется от 39,9 до 49,9% общей площади земель этих регионов.

Литература

1. Государственная программа развития лесного хозяйства Республики Беларусь на 2011–2015 годы: Постановление Совета Министров Республики Беларусь, от 03.11.2010 г. № 1626 // Национальный реестр правовых актов Республики Беларусь. – 2010. – № 5/32798.
2. Неверов, А.В. Экономика природопользования / А.В. Неверов. – Минск, БГТУ 2008. – 198 с.

ЭОЖ 631.15:65.

Ж.Ж. Тәжіғұлова

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӘСПОРЫНДАРЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН БАСҚАРУ

Аңдатпа. Бұл мақалада ауылшаруашылығы кәсіпорындарының инновациялық бәсекеге қабілеттілігін анықтаудың әдістемелері қарастырылған.

Кілт сөздер: Индустриалдық-инновациялық стратегия, Ұлттық-инновациялық жүйе, стратегиялық міндет, материалдандырылған қорытынды, отандық және шетелдік зерттеулер.

Қазақстан өз азаматтары үшін өмір сүрудің жоғары стандарттарын жасай отырып, әлемнің тиімді дамып келе жатқан елдерінің қатарына қосылуға тиіс. Біз мұны ұлтымыз бен экономикамыз бәсекеге қабілетті болған жағдайда ғана істей аламыз.

Біз экономиканы диверсификациялауға бағытталған индустриялық-инновациялық стратегияны іске асыра бастадық. Біз бәсекеге қабілетті экономиканың үлгісін таңдай

отырып, бәсекелестікке қарымы мол басым салаларды дамытуға кірістік, сол арқылы қазақстандық кластерлер жүйесінің дамуына жол аштық.

Болашақта біздің қолымызда нарықтың туризм, мұнай-газ машиналарын жасау, тамақ және тоқыма өнеркәсібі, көлік-логистикалық қызмет көрсету, металлургия және құрылыс сияқты салаларда, кемінде 5-7 кластерін жасау мен дамытудың жоспары болуы керек деп санайды. Ел экономикасының шикізаттық емес салалардағы ұзақ мерзімдік мамандануын, міне, солар айқындайтын болады.

Жаңа технологиялар мен жаңа экономика әлеміне енгізетін экономикалық дамуды басқарудың түбегейлі жаңа жүйесі – Ұлттық инновациялық жүйе жасауды қолға алдық.

Индустриялық-инновациялық дамудың инфрақұрылымы қазірдің өзінде қалыптасты. Мемлекеттік даму институттарын капиталдандыру жыл басында 730 млн. АҚШ долларын құраса, инвестициялық жобалар портфелі 1 млрд. 200 млн. АҚШ долларынан асып отыр.

Біздің стратегиялық міндетіміз - бәсекеге қабілетті елдердің қатарынан лайықты орын алу. Сондықтан да мемлекет пен жеке меншік сектор өзара сенім мен тиімділікке негізделген әріптестік қатынастарын жолға қою керек.

Қазіргі уақытта тәжірбиелік қызметте қолданылатын жаңа немесе жетілдірілген технологиялық, ұйымдастыру процесі нарығында сатылатын жаңа немесе жетілдірілген түрде өнім алынатын инновациялық қызметтің соңғы қорытындысы ретінде түсіндірілетін инновацияның жеткілікті нақты анықтамасы бар. Өз кезегінде инновациялық қызмет ретінде инновацияны өңдеуге, аяқталған ғылыми-зерттеу қорытындыларын жүзеге асыруға, жаңа және жетілдірілген өнімге жету үшін ғылыми-техникалық жетістіктер жасауға, сонымен қатар қосымша зерттеулер және жасақтаумен байланысты жаңа немесе технологиялық процесске бағытталған процесс түсіндіріледі. Инновация жаңа техника мен технологияға, бақылау, есеп, жоспарлау әдістері мен талдаудың жаңа үлгілері қарастырылған өндірісті, еңбекті, қызмет ету мен басқаруды ұйымдастырудың жаңа формаларына салынған капиталдан алынған материалдандырылған қорытындыны білдіреді.

Қоғамның экономикалық дамуында инновацияның мәні жоғарылап келеді және қазіргі кезеңде инновация кәсіпорындардың жеке құрылымдық бірліктерінен бастап толығымен аймақ, мемлекетке дейінгі сатыларының барлық деңгейлеріндегі шаруашылық субъектілерінің бәсекеге күресінің маңызды құралы болып табылады. Ғылыми әдебиеттерде инновациялық бәсекеге қабілеттілігі түсінігі оны басқару тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар жалпы тұжырымдамалық жоспарда жетілмеген күйде қалуда. Кәсіпорындардың инновациялық бәсекеге қабілеттілігін басқару сұрағын қарастырғанда, бұл түсініктің алдын ала жүйеленгенін талап етті, өз кезегінде бәсеке және бәсекеге қабілетті теорияларының аясындағы түсініктермен, категорияларды жүйелендіру, сонымен қатар басқарудың әртүрлі объектілері бойынша бәсекеге қабілетті түсінігін құрылымдау негізінде қол жеткізді. Жүргізілген талдау қорытындысында ауыл шаруашылығы кәсіпорындары үшін көп деңгейлі бәсекеге қабілеттілік түсінігі мен түрлерінің жүйесі қалыптасқан болатын.

Инновация және бәсекелестік теорияларының өзекті жағдайларын біріктіру негізінде жаңа техника мен технологияға, бақылау есеп, жоспарлау мен талдаудың жаңа үлгілері қарастырылған өндірісті, еңбекті қызмет ету мен басқаруды ұйымдастырудың жаңа формаларына салынған материалдандырылған қорытындысын немесе өзінің қарсыластарымен бәсекелесе алатын инновациялық белсенді қызметке негізделген шаруашылық субъектілерінің қабілетін білдіретін инновацияны енгізу арқылы артықшылықты бәсекені құру түсірдіретін ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілік анықтамасы ұсынылған болатын.

Инновациялық бәсеке қабілеттілігі шаруашылық субъектілерінің (ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, ұйымдар, басқару органдары, аймақтар) ағымдағы қызметінің, стратегиясы мен саясатының қаншалықты дамудың әлемдік үрдісіне сәйкестілігін, болашақтағы даму үшін жеткілікті сенімді тірек құратындығын көрсетеді.

Сондықтан да инновациялық бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін қолданылатын жаңалықтар әртүрлі түрде болуы мүмкін: зерттелетін мақсатқа тәуелді технологиялық, өндірістік, ұйымдастыру, әлеуметтік және тағы басқа. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында бәсекелік артықшылықтар негізінен бәсекелік өзіндік күнмен салыстырғанда бағасы төмен және жаңа, әрі сапалы өнімде көрінеді.

Аграрлық құрылымдардың бәсекелестік күресінде инновациялық бағытқа көңіл аттыру заңды түрде инновациялық потенциалын басқару маңызды орын алатын, инновациялық бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды тиімді басқару механизміне тәжірелік құру және жасақтау сұрақтары қойылады.

Отандық әдебиеттерде әр түрлі экономикалық жүйелердегі инновациялық потенциалды басқару және дамыту сұрақтары бірдей емес. Инновациялық потенциалдың құрамын, ролін және орнын зерттеу процесінде оның құрылымын бірін – бірі толықтыратын, өзара әрекеттесетін ресурстық, ішкі және қорынтындысының жиынтығы арқылы көрсетуге болады.

Талдау процесінде ауыл шаруашылық кәсіпорындарының инновациялық бәсекеге қабілеттілігі өзекті екі факторға тәуелділігі бекітілген және дәлелденген болатын:

1. Оның инновациялық потенциалының жағдайына;
2. Кәсіпорындардағы инновациялық қызметті басқару үлгілеріне.

Отандық және шетелдік зерттеулерде инновациялық потенциал мен инновациялық бәсекеге қабілеттілігін бағалау әдістемесінің едәуір алшақтығы, сонымен қатар статистикалық есеп айырысу базаларындағы анықталған жетіспеушіліктердің барын көрсетіп берді. Инновациялық қызмет деңгейін сандық және сапалы бағалау үшін отандық әдебиеттерде келесі көрсеткіштер қолданылады: ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының жалпы санындағы инновациялық – белсенді кәсіпорындардың үлес салмағы; сатылған өнімдердің жалпы көлеміндегі инновациялық өнімнің үлесі; зерттеулер мен жасақтауға жұмсалатын шығындар көлемі; аграрлық құрылымдар мен сатылған ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлеміндегі технологиялық инновацияға жұмсалатын шығындардың үлес салмағы; кәсіпорындармен енгізілген жаңа технологиялардың саны; құрылған алдыңғы қатарлы технологиялар саны және басқалары. Бірақ бұл көрсеткіштердің барлығы бөлек-бөлек есептеледі, ал олардың өзара байланысы мен қатынасы тек сапалы категориялар арқылы бағаланады.

Бұлардан өзгеше ауыл шаруашылығының инновациялық бәсекеге қабілеттілігін анықтаудың шетелдік әдістемесі, соның ішінде Еуропалық Одақта қолданылатын әдіс инновациялық белсенділіктің әрбір факторының қарапайым, тікелей, сандық мәніне емес инновациялық қызметтің жалпы қорынтындысын білдіретін арнайы интегралды көрсеткіштердің есептеулеріне мән береді. Бұл жеке салалардың инновациялық белсенділік деңгейін талдауға ғана емес, басқа да әлем елдері салаларының даму деңгейі мен салыстыруға, сонымен қатар салалардың ішіндегі әрбір кәсіпорындардың жағдайын бағалауға, басқа кәсіпорындардың оның инновациялық бәсекеге қабілеттілік деңгейінің айырмашылықтарын есептеуге, инновациялық бәсекеге қабілеттілік деңгейінің артуын қамтамасыз ету үшін негізін қалайтын факторларды анықтап көрсетуге, бәсекенің ағымдағы жағдайында әрбір кәсіпорындардың күшті және әлсіз жақтарын анықтауға және болашақтағы жағдайын бағалауға мүмкіндік береді. Бұл әдістің маңызды артықшылығы бар жиынтық көрсеткіштердің бір бөлігі бар болғанда да жеткілікті бағалауға және есеп айырысуға мүмкіндік береді. Бұл көрсеткіштер қызметтің нақты түрі үшін арнайы емес, жалпы экономикалық көрсеткіштер болғандықтан бұл әдіс ұлттық экономиканың секторлары мен қызметтерінің әртүрлі түрлерінің арасын өзара салыстыруға мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығының инновациялық бәсекеге қабілеттілік деңгейінің көрсеткіштерін интегралды есептеу 12 негізгі көрсеткіштер мәні келтірілген орта өлшемді шама ретінде жүргізіледі:

- 1) ауыл шаруашылығындағы қызмет ететіндердің жалпы санындағы жоғары білімді жұмысшылардың үлесі;
- 2) аграрлық кәсіпорындардың жалпы санындағы дамуға тікелей немесе инновацияны енгізуге бағытталған арнаулы оқытуды пайдаланатын кәсіпорындардың үлесі;
- 3) ауыл шаруашылығының барлық салалары бойынша құрылған-қосылған құнды зерттеулер мен жасақтауға шығындар;
- 4) аграрлық кәсіпорындардың жалпы санындағы инновациялық даму үшін мемлекеттен субсидия алатын кәсіпорындардың үлесі;
- 5) салалардағы кәсіпорындардың жалпы санындағы инновацияны енгізетін кәсіпорындардың үлесі;
- 6) экономиканың шағын және орта кәсіпорындарының жалпы санындағы басқалармен ынтымақтасатын шағын және орта кәсіпорындардың үлесі;
- 7) экономиканың жалпы айналымынан инновацияға жұмсалатын шығындар;
- 8) ауыл шаруашылығындағы өнімдердің жалпы айналымынан нарық үшін жаңа болып табылатын өнімдерді сату үлесі;
- 9) аграрлық саладағы өнімдердің жалпы айналымы;
- 10) экономикадағы өздерінің ойлап шығарған өнімдерін патенттейтін аграрлық кәсіпорындардың үлесі;
- 11) аграрлық құрылымдардың жалпы санындағы жаңа сауда маркаларын қолданатын аграрлық кәсіпорындардың үлесі;
- 12) салалардағы аграрлық кәсіпорындардың жалпы санындағы жобаның бір бөлігін тіркеуді пайдаланылатын аграрлық қалыптасудың үлесі.

Барлық мәліметтер минимум – максимум ыңғайын қолдану арқылы есептеледі. Ыңғайдың ерекшелігі болып барлық өзгерістер қалыпты бөлуге негізделеді. Ассиметриялық өзгерістерді қайта қалыптастыру тәсілдерінің бірі болып трансформациялық функцияларды қолдану. Ассиметрия деңгейіне байланысты кватрадтық түбір трансформациясы немесе түбірінің трансформациясы қолданылады. Сәйкесті трансформациядан кейін әрбір көрсеткіш бойынша келтірілген мәліметтерді алу жасақталған әдіс бойынша есептеледі.

Есептелгендер мәні ең алдымен барлық елдердің қарастырылатын секторларының ішінен көрсеткіштің төменгі мәнін елдің таңдалған секторы бойынша көрсеткіштер мәнінен шегеру жолымен анықталады, сонымен қатар таңдалған елдің барлық секторларының мәні ішінен көрсеткіштің жоғарғы және төменгі мәндерінің арасындағы айырмашылыққа бөлу жолымен анықталады. Қорытындысында мән бірге дейін трансформацияланатын жоғарғы мәнмен және нолге дейін трансформацияланатын төменгі мәнмен нол және бір аралығындағы шамасына трансформацияланады. Салалардың инновациялық деңгейі әрбір көрсеткіш бойынша келтірілген мәліметтердің орташа мәнін есепке алу жолымен есептеледі. Бұл көрсеткіштің экономикалық мәні салалардағы инновациялық деңгейі толығымен, ондағы инновациялық белсенділік дәрежесін өлшеп, сектордың әрбіреуіндегі инновацияға сипаттама беруінен көрінеді.

Қазақстан экономикасындағы ауыл шаруашылығының инновациялық бәсекеге қабілеттілік деңгейін анықтау процесінде бұл әдістің сынақтан өткізілуі, сонымен қатар олардың салыстырмалы талдауын қарастыру Еуропалық Одақ экономикасында инновациялық бәсекеге қабілетті болып сүт пен ет өндіру, ал Қазақстанда бұл сала инновациялық бәсекеге қабілеттілік бойынша астық өндіруден кейін екінші, үшінші орындарды алатынын көрсетіп берді.

Әдебиеттер:

1. Абдыгаппарова С.Б. Инновационный потенциал Казахстана: механизмы активизации.- Алматы, Экономика, 2011.- 158 с.
2. Абдыгаппарова С.Б. Инновационный менеджмент: Алматы, Экономика, 2008. – 164 с.

3. Нармбаев К. Джумабаев С.К. Нусупова А. Инновационный менеджмент: Алматы, 2003.
4. Сабден О. «Экономика», Инновациялық экономика, 2009.

Тажигулова Ж.Ж

УПРАВЛЕНИЕ ИННОВАЦИОННОЙ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТЬЮ НА ПРЕДПРИЯТИЯХ РК

В данной статье рассмотрены вопросы управления инновационной конкурентоспособностью на предприятиях РК.

Tazhigulova J.J

MANAGEMENT OF INNOVATIVE COMPETITIVENESS ON THE ENTERPRISES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

In given article the issues of Management of innovative competitiveness on the enterprises of the Republic of Kazakhstan are considered.